

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Білім беру және гуманитарлық зерттеулер факультеті
Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің
№ 1 хаттамасы

Түркістан қаласы

23.10.2025 ж.

Қатысқандар: т.ғ.к., доцент м.а А.Джумадуллаева, PhD, доцент Қ.Базарбаев, т.ғ.к., доцент Г.Жораева, PhD аға оқытушы Р.Хазретәліқызы, магистр оқытушы Д. Исраилова, Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектеп директоры Г.Исмайлова, №15 М.Жұмабаев атындағы мектеп гимназия директоры У.Бейсенбаев, докторант Ш.Нұрманова, білімгер Н.Акрамова, кафедра ОПК.

Күн тәртібі:

1. Академиялық комитет құрамын жасақтау, АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну
2. ББ даму жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну. ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспары
3. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды.

АҚ төрағасы Қ.Базарбаев: Бүгінгі мәжіліс күн тәртібінде АҚ құрамын жасақтау, АҚ жұмысын ұйымдастыру, ережелермен танысу, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеп бекіту мәселесіне тоқталды. Төраға Қ.Базарбаев қазіргі құрам бойынша талқылау жасап, жаңа құрамды бекіту қажеттілігін атап өтті. АҚ мүшелері туралы ақпарат ұсынылып, жаңа құрам туралы шешім қабылданды. Комитеттің жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін жаңа тәсілдер мен ұсыныстар талқыланды. Жұмыс процестерінің жетілдірілуі мен жүйелі жұмысқа бағытталған ұсыныстар жасалды. Қатысушылар Академиялық комитеттің ережелерімен танысып, оларды талқылады. Ережелердің жаңа талаптары мен өзгерістеріне ерекше назар аударылды. 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспары әзірленіп, бекіту үшін талқыланды. Жоспардың негізгі бағыттары мен міндеттері белгіленіп, жұмыс жүйелі түрде жүргізілу қажеттілігін атап өтті.

Кафедра меңгерушісі А.Джумадуллаева: 2024-2029 жылдарға арналған Білім беру бағдарламасының даму жоспарын әзірлеп, оны талқылауға ұсынды. Жоспарда білім беру сапасын жақсарту, оқу процесін жаңғырту және білімгерлерге заманауи дағдыларды үйретуге бағытталған шаралар қамтылғанын атап өтті. ББ даму жоспарының жобасын талқылау аяқталды. Жоспар бекіту үшін қажетті түзетулер енгізіліп, бекітілгендігін сөз етті.

ОӘК төрайымы Р.Хазретәліқызы: ОӘК төрайымы Р. Хазретәліқызы Білім беру бағдарламасының (ББ) құжаттарын аккредиттеу және постмониторинг талаптарына сәйкестендіру қажеттілігін мәжіліс барысында атап өтті. Ол осы талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін құжаттарды дайындау жұмыстарының маңыздылығына ерекше назар аударды. Аккредиттеу мен постмониторинг – білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау және жақсарту үшін маңызды құралдар болып табылады, сондықтан бұл жұмыстар жоғары талаптарға сай жүргізілуі керек. Осы жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылуы ББ сапасының арттырылуына ықпал етеді және білім беру бағдарламасының стандарттарға сай болуын қамтамасыз ететіндігіне атап өтті.

АК мүшесі Г.Жораева: Қыркүйек және қазан айларында атқарылған іс-шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде. Әрбір іс-шараның өткізілу сапасы мен орындалуы бойынша талдау жүргізілді. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында және белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. Қыркүйек айында басталған жұмыстардың нәтижелері бойынша тиімділік байқалды, ал қазан айындағы іс-шаралар белгілі бір қиындықтарға қарамастан, өз мақсатына жетті. Бұл айларда атқарылған іс-шаралардың нәтижелері алдағы жұмыстарға оң әсер етті және қосымша түзетулер мен ұсыныстар енгізу қажеттілігі туындамағанын сөз етті.

Шешім:

1. АК жаңа құрамы мен комитет жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін жаңа жұмыс жоспары әзірленіп, бекітуге ұсынылсын.
2. Білім беру бағдарламаларының даму жоспары және постмониторинг жоспары талқыланып, ұсыныстар бекітілсін.
3. ББ құжаттары аккредиттеу және постмониторинг талаптарына сәйкестендіру жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Қыркүйек және қазан айларында атқарылған іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

АК төрағасы:



Қ. Базарбаев

Хатшы:



Д. Исрайлова